

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
“Принтмедиа технологиялары колледжі» КМҚК  
Алматы қаласы Білім басқармасы



**"КЕЛІСЕМІН"**

Алматы қаласы  
Білім басқармасының  
басшысы

  
С.Т. Сайфеденов  
" " \* 2026 ж.

**"БЕКІТІЛДІ"**

Колледж директоры  
Г.А. Абдуллаева  
" " \* 2026 ж.



Алматы қаласы колледждерінің білім алушыларының арасында  
кәсіби шеберлік конкурсы тақырыбы: «Жұмысшы мамандықтар –  
болашақтың мамандықтары»  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Алматы қаласы колледж білім алушылары арасында өткізілетін «Жұмысшы мамандықтар – болашақтың мамандықтары» кәсіби шеберлік байқауы (бұдан әрі – Байқау) жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру, дарынды студенттерді анықтау және қолдау, олардың кәсіби ойлау қабілетін дамыту мақсатында өткізіледі.

1.2. Байқау колледж білім алушыларына арналған және олардың кәсіби білімін, шығармашылық қабілеттерін, сондай-ақ еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы білімдерін тексеруге және жетілдіруге бағытталған.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы – Принтмедиа технологиялар колледжінің «Басуға дейінгі үрдістер» бөлімі.

**2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Қоғамда және еңбек нарығында жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын көрсету.

2.2. Білім алушылардың өз мамандығына деген қызығушылығын арттыру және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

2.3. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі талаптарын сақтаудың маңыздылығын қалыптастыру.

2.4. Студенттердің шығармашылық, сыни және практикалық шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

### **3. Байқауға қатысушылар**

3.1. Байқауға Алматы қаласының колледж білім алушылары қатыса алады.

3.2. Қатысу форматы – командалық. Команда құрамы – 2–3 студент.

### **4. Байқауды өткізу шарттары**

4.1. Байқау Принтмедиа технологиялар колледжінің базасында, мекенжайы: Алматы қ., Шевченко көш., 202 мекенжайында өткізіледі.

4.2. Байқау тапсырмалары кәсіби білімді, шығармашылық қабілеттерді және еңбекті қорғау саласындағы дағдыларды кешенді бағалауға бағытталған.

4.3. Байқауға қатысу үшін тіркеу формасын толтырып, өтінім мен бейнематериалдарды келесі электрондық поштаға жіберу қажет: [apk.5@mail.ru](mailto:apk.5@mail.ru)

### **5. Байқауды өткізу тәртібі**

5.1. I кезең (іріктеу кезеңі) – «Менің мамандығым – болашақ мамандығы»

5.1.1. Бірінші кезең аясында қатысушылар өз мамандығы бойынша бейнеролик дайындайды.

Бейнеролик мазмұнында келесі мәселелер қамтылуы тиіс:

- мамандықтың ерекшеліктері;
- оның болашақтағы маңызы;
- кәсіби дағдылар;
- еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі талаптарын сақтау.

5.1.2. Бейнероликтің ұзақтығы – 2 минуттан аспауы тиіс.

5.1.3. I кезең қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушылар II кезеңге өтеді.

5.1.4. Бейнероликке қойылатын талаптар:

- форматтары: AVI, MOV, MPEG, MP4;
- ажыратымдылығы: Full HD-ден төмен емес;
- ұзақтығы: 2 минуттан аспайды;
- бейнероликтің атауы кіріспе слайдта көрсетіледі (колледж атауы көрсетілмейді);
- жанры – қатысушылардың таңдауы бойынша;
- монтаж кез келген бағдарламада орындалуы мүмкін;
- жарнамалық, этикаға жат материалдарды, сондай-ақ ар-намыс пен қадір-қасиетке нұқсан келтіретін материалдарды пайдалануға тыйым салынады.

5.2. II кезең – «Интеллектуалды-практикалық кезең» (офлайн)

II кезең колледж базасында өткізіледі және еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бойынша білім мен практикалық дағдыларды анықтауға бағытталған.

## **6. Бағалау критерийлері**

6.1. Бағалау екі кезең бойынша жүргізіледі:

### **I. «Менің мамандығым – болашақ мамандығы»**

- бейнероликтің креативтілігі – 0–5 балл;
- тақырыптың толық ашылуы – 0–5 балл;
- кәсіби мазмұнның дұрыстығы – 0–5 балл;
- бейне сапасы, монтаж және талаптарға сәйкестігі – 0–5 балл.

### **II. «Интеллектуалды-практикалық кезең»**

#### **Викторина (20 балл):**

- толық және дұрыс жауап – 20 балл;
- жартылай жауап – 10 балл;
- жауаптың болмауы – 0 балл.

#### **Практикалық жұмыс (10 балл):**

- практикалық тапсырманы дұрыс орындау – 5 балл;
- тапсырма құрылымын жартылай орындау – 3 балл;
- еңбекті қорғау ережелерін сақтау – 1 балл;
- нәтижені дұрыс қорғау – 1 балл.

6.2. Әрбір қазылар алқасының мүшесі жұмыстарды жеке бағалайды.

6.3. Жалпы ең жоғары ұпай саны – 50 балл.

6.4. Байқау ережелері мен шарттарын сақтау міндетті.

## **7. Марапаттау**

7.1. Жеңімпаздар ГРАН-ПРИ, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

7.2. Ұйымдастырушылар қосымша номинациялар тағайындауға құқылы: «Үздік кәсіби команда», «Қауіпсіз еңбек шебері», «Болашақ маманы».

## **8. Ұйымдастыру мәселелері**

8.1. Байқауды дайындау және өткізу жауапкершілігі ұйымдастыру комитетіне жүктеледі.

8.2. Әдістемелік ұсынымдар мен тапсырмалар қатысушыларға алдын ала беріледі.

## **9. Құжаттарды тапсыру тәртібі**

Колледждер байқауға 2–3 адамнан тұратын командалармен өтінім береді. Өтінімдер мен бейнематериалдар Байқау басталуына 5 күн қалғанда кешіктірілмей [apk.5@mail.ru](mailto:apk.5@mail.ru) электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

### **Колледж мекенжайы:**

Алматы қ., Шевченко көш., 202

Тел.: +7 708 848 08 86

E-mail: [apk.5@mail.ru](mailto:apk.5@mail.ru)

### **Ұйымдастыру комитеті:**

«Басуға дейінгі үрдістер» бөлімі

ө/о шеберлері – **Кыдырбай Нуршат Максатқызы, Оспанова Айжан Ергалымовна**

## Жарысқа қатысуға өтінім беру формасы

|   |                                      |                |
|---|--------------------------------------|----------------|
| 1 | Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты  | 1)<br>2)<br>3) |
| 2 | Оқу орнының атауы                    |                |
| 3 | Байланыс телефон нөмірі              |                |
| 4 | Электрондық пошта                    |                |
| 5 | Жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты |                |
| 6 | Толтырған күні                       |                |

## **Ақпараттық хат**

**Сіздерді 2026 жылғы 23 ақпанда сағат 10:00-де өтетін «Жұмысшы мамандықтар – болашақтың мамандықтары» атты конкурсқа қатысуға шақырамыз.**

Өтетін орны: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 202.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер мен бейнематериалдар 2026 жылғы **18 ақпанға дейін** электронды түрде (1-қосымша) [apk.5@mail.ru](mailto:apk.5@mail.ru) электрондық поштасына қабылданады.

**Ұйымдастырушылар:**

«Баспаға дейінгі үрдістер» бөлімі

КМҚК «Принтмедиа технологиялар колледжі»

**Тел.:** +7 708 848 08 86